


## **10- ТАҚЫРЫП**

**Оқушылардың өзін-өзі тануы мен өзін-өзі дамытуына педагогикалық қодау көрсету.**



## *САБАҚТЫҢ ЖОСПАРЫ:*

1. Адамның дүниетанымдық және мінез-құлық бағыттары
2. Педагогтің ізгілік ұстанымы
3. Өзіндік процестерге педагогикалық қолдау көрсету



# ЛЕКЦИЯНЫҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ.

*Өзін-өзі тану – адамның дүниетанымдық және мінез-құлық бағыттарын анықтайтын үдеріс ретінде. Педагогтің ізгілік ұстанымы – оқушылардың өзін-өзі тануы мен өзін-өзі дамытуына жемісті педагогикалық қолдау көрсетудің басты қағидалары. Білім беру мен тәрбиелеуді оқушылардың ішкі күші мен қабілеттері негізінде ұйымдастыру. Өзіндік процестерге: өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі өзектендіруге және т.б. педагогикалық қолдау көрсету.*

1. Адамның дүниетанымдық және мінез-құлық бағыттары. Тұтас-психикалық білім ретінде дүниетаным – күрделі де көп аспектілі құрылым. Оның өзегі -теоретикалық ойлау, жоғары интеллектуалды сезімдерді білдіру, саналы мақсатты ерік-жігердің дамытан қабілеттілігімен үйлесімді көзқарастар мен сенімдер.

Көзқарастар – адамның қол жеткізген идеялары, білімдері, теориялық тұжырымдар мен болжамдар ретінде қабылдаулары. Олар табиғат пен қоғам құбылыстарын түсіндіріп, адамның мінез-құлық, іс-әрекет пен қатынастардың бағыт-бағдары қызметін атқарады.

И.Ф.Харламов айтқандай әр адамның дүниетанымдық көзқарастары ұзақ, күрделі интеллектуальдық іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады. Ал көзқарастар болса өз кезегінде оның рухани мәдениетінің, оның «Мен» деген сезімінің мәнісін ашып, оның өмірлік ұстанымдарының, ар-ожданының негізін құрайды. Сенім – көзқарастардың сапа жағынан мейлінше жоғары күйі. Сенім білім сияқты объективті дүниенің субъективті көрінісі, адамдардың ұжымды жеке тәжірибесін меңгергенінің нәтижесі. Сенім әлде бір «білетін» немесе «түсінетін» емес, ол – жеке тұлғаның ішкі ұстанымдарына айналған білім.



□ Ұстаз - жас ұрпақты, жалпы адамды ізгілікке баулып, жақсылыққа тәрбиелейтін, білім беретін оқытушы. Қазіргі қоғамда оқу-тәрбие жұмысын жүргізуші маман педагог *ұстаз* деп аталады. Дегенмен, ұстаз ұғымы арнаулы білім, қажетті құжатқа байланысты емес. Үлгілі, өнегелі, өмір тәжірибесі бай адам ғана ұстаз бола алады. Жалпы “Ұстаз — тәрбиелеуші” ұғымы діни ілімнен бастау алады. Ол адамзатты ғылымды сүйеге, танымға құштарлыққа үндейтіні Құран Кәрімнің беташар сүресінің Алланы “Рабби — тәрбиелеуші” мағынасында ұлықтаумен басталуынан көрінеді. Мұсылмандар пайғамбары Мұхаммедке (ғ.с.) келген алғашқы уахидің де “Оқы, оқы, оқы...” деп басталуы адамды ізгілікке бастаушы ғылым-білімнің маңызын, осы ілімді шәкірт жүрегіне егуші ұстаз қызметінің маңызын аңғартады. Діни танымда, халықтың мифологиялық санасында шәкірттің ұстазға бұлтасыз мойынсұнуы мен шексіз берілуін, өз еркін ұстазға сеніп тапсыруы арқылы ақиқат ілімді иеленетіні насихатталған.



□ Мұның бір мысалын Мұса (ғ.с.) пайғамбардың Қызыр (ғ.с.) пайғамбарға шәкірт болуынан көреміз. Демек, бұдан ұстаздың зор жауапкершілігін, оның терең ілім иесі болуымен қатар, кемел адамдық қасиеттің иесі болуы керектігін байқаймыз. Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі рухани-ақылақтық тәрбие ісінде “Ұстаз — шәкірт” қарым-қатынасы кең тараған әрі ғылыми, ағартушылық, мәдени, кәсіптік тәрбие беру тәжірибесін рухани тәжірибемен ұштастырған ерекше жүйе болды. Қазақ халқының шәкіртті ұстаз алдына апарғанда айтылып, мәтелге айналған “Сүйегі — менікі, еті — сенікі” деген сөзінің астарына үңілсек осыны аңғарамыз. Бұл мәтел кеңестік замандағы атеистік идеологияға сай бұрмаланып түсіндіріліп келсе, герменевтикалық тұрғыдан сөз астарына үңілсек: “сүйегінің — асылының, рухының иесі — Алла бар, оған қиянат жасама, ал етін сомдау, яғни біліммен көркейту ұстаздың ісі” деген тұспал бар.



□ Өзін-өзі тану оқушылардың гуманитарлық білімінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі гуманитарлық білімнің мазмұны қазіргі рухани мәдениет негізінде жоланады. Жалпы адамзат құндылығына негізделе отырып, ол оқушыларда жоғары сапалы өмірді қамтамасыз ететін басты құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған.

□ «Қолдау» сөзі түсіндірме сөздіктерде жәрдем, ықпал ету ретінде анықталған. Ол мынадай мәндерді білідреді:

- сүйеу, құлатпау;
- жәрдем беру, ықпал ету;
- келісімін беріп, мақұлдап, біреуді қолдау;
- бір нәрсенің тоқтауына, бұзылуына жол бермеу.



# Педагогикалық қодаудың негізгі шарттары:

- шыдамдылықты тәрбиелеу басқа адамдарды қабылдауды қамтамсыз етеді;
- оқушыны жағымды түрде көтермелеу ризашылық жауаптың болуын қамтамасыз етеді;
- оқытушы мен оқушының қатынастарындағы адалдық әділдік сезімін дамытуды қамтамасыз етеді;
- педагог тарапынан тұрақты сын айту шеттеуге алып келеді;
- оқытушының өшпенді қарым-қатынасы оқушының агрессиясын тудырады;
- педагог тарапынан көрінетін мазақ – оқушының тұйықталуына алып келеді.